

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКЕРІМ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТИ

# Шөл зонас, өсімдік және жануарлар дүниесі

Орындаған: Мукашева Алса  
Тобы: ЭЛ-617

Семей қ. 2018 жыл


# Жоспар:

Кіріспе

- 1) Қазақстаниң шөл зоналары
- 2) Шөл зонаның өсімдіктері
- 3) Шөл зоналарының жануарлары

# КІРІСПЕ!

Табиғат зоналары - Табиғат зоналарын ең негізгі сыртқы факторлар қалыптастырылады. Олар көп жағдайда күн жылтының таралуына (яғни географиялық ендікке) тәуелді. Тағы бір фактор - аумақтың ылғалдылығының әртүрлілігі. Жылу мен ылғалдың арақатынасы нәтижесінде әр түрлі табиғи зоналар пайда болады. Мәселен, аумақта күн жылуы көп түссе, оның біраз ылғалдылығы жеткіліксіз ( $K=0,3$ ) болса, онда шөлді аймақтар пайда болады. Әрбір зона өзіне тән климатымен, топырағымен, өсімдік және жануарлар дүниесімен ерекшеленеді. Кейде бір зонаның ішінде басқа зоналарға ұқсас жеке үлескілер де кездеседі.




Қазақстанның жазық бөлігінде солтүстіктен онтүстікке қарай бірте-бірте орманды дала, дала, шөлейт және шөл зоналары ауысып отырады. Сонымен бірге бұл зоналарда топырақ және өсімдік жамылғысы батыстан шығысқа қарай да өзгереді. Оның себебі осы бағытта климаттың континенттігі артады. Республиканың биік таулы аудандарында зоналар биіктікке байланысты (зоналар немесе биіктік белдеулер) ауысып отырады

# ШӨЛ ЗОНАСЫ

Шөл зонасы Каспий теңізі жағалауынан Тарбағатай тауының етегіне дейін созылады. Шөл зонасының жалпы көлемі 120 млн га, республика аумағының 44%-ына жуығын алады. Бұл зонада негізінен күмдік және сазды шөлдер кең тараған. Тасты шөлдер Қазақстанға тән емес, бұлар тек шағын үлескілерде кездеседі. Шөлдің климаты тым континентті және аса құрғақ. Жалпы жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 200 мм-ден аспайды. Шөлдің кейбір аудандарында жылдық жауын-шашын 100 мм-ге де жетпейді. Жазда жаңбыр өте сирек жауады. Жауын-шашынның көбі көктемде түседі.





Кысы суық. Аяз -40°С-қа дейін жетеді. Жазы өте ыстық, қапырық әрі құрғак. Шілденің орташа температуrasы солтүстігінде 24° -26° С, онтүстігінде 28° -30°С. Құм бетінде температура жазда 70°С-қа дейін қызады. Осының бәрі буланудың көп болуына септігін тигізеді. Көктемде еріген қарсуымен толығатын қазашұңқырлар мен ойыстар жазда кеуіп кетеді. Олардың түбінде қалың тұз қабыршақтары пайда болыш, ондай жерлерде ешқандай өсімдіктер өспейді.

# ШӨЛ ЗОНАСТЫНДАҒЫ ӨСІМДІКТЕРІ

Шөл зонасындағы өзен аңғарларында өсетін ерекше өсімдіктер бар. Мұнда әр түрлі өсімдіктерден күралған қалың бұталар өседі. Оны тоғай деп атайды. Тоғай әсіресе Сырдария, Шу мен Іле және т.б. өзендердің аңғарларына тән. Суға жақын жердегі тоғайларда қамыс, қоға кездеседі. Өзен арнасынан қашығыракта биік бұталар - шенгел, тал, тікенекті жиде, шырғанак, арнаның құрғақ жерлерінде жыңғыл өседі. Жыңғылдың жапырактары қызығылт, гүлі ақ болады. Жантак және басқа тамыры ұзын, теренге кететін өсімдіктер де бар.

# өсімдіктері



# Шөл зонасының жануарлары

Шөлдің жануарлар дүниесі өзгеше. Онда өмір сұруге жылан мен кесірткенің аздаған түрі ғана бейімделген. Кесірткеден көп тарағаны: құмды және құлакты агамалар, жұмырбас кесірткелер. Жыландардың ішінде сылдырмакты жыландар тұқымдастарының өкілі: дала айданарлары, оқ жыландар мен қалқан тұмсықтылар бар, сондай-ақ тасбақалар, кірпілер де кездеседі. Қазақстанның оңтүстік шөлдерінде улы өрмекші тәріздестерден - шаян, бүйі, қаракүрт кездеседі. Мұнда бұзаубастар да бар. Бетпақдалада, Устіртте және Балқаштың оңтүстігіндегі шөлдерде тұяқтылардан - ақбөкендер мен қаракүйрықтар кездеседі. Шөл зонасында қосаяқ, саршұнақ, құм тышқаны тәріздес кеміргіштер де көп. Жылдың қолайсыз мезгілдерінде олар індеріне кіріп, ұйқыға кетеді. Өзен бойындағы ну тоғайларда қабан, мәлін, қасқыр мекендейді

## жануарлары

Құстардан шөлде азия  
торғайы, кішкентай  
торғай, сортан, жер  
торғайы, айдарлы торғай,  
сексеуіл жорға торғайы,  
шөл торғайы бар.

Жыртқыш құстардан  
жамансары мен жұртшы  
кездеседі. Тогайларда -  
саусықсан, Қарға, сұр  
кеқілік, қырғауыл болады.  
Көлдер мен Сырдария  
бойында үйрек, қаз,  
шағала, бірқазан, аққұтан  
бар. Шөл зонасында  
Барсакелмес Және Үстірт  
мемлекеттік қорықтары  
ұйымдастырылған

